

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайына және олардың басшыларының Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтауына бақылау саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 582 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 540 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 шілдеде № 21034 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 14.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайына және олардың басшыларының Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтауына бақылау саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 582 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрінде № 12317 болып тіркелді, 2015 жылғы 4 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланды);

2) "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқада әскерлері мен әскери құрылымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайына және олардың басшыларының Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтауына бақылау саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 582 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 746 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық

актілерінің мемлекеттік реестрінде № 17681 болып тіркелді, 2018 жылғы 8 қарашада Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды).

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті (А.Қ. Жүсіпов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаментіне (А.Қ. Жүсіпов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 14 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрі

Е. Турғумбаев